



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

03.07.2023

Ақсуат ауылы

№ 242

село Ақсуат

**Жер учаскелерін сату жөніндегі
аукциондарды өткізуді
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Ақсуат ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бағасын көтеру әдісі бойынша аукционда сатуға қойылатын жер учаскелерінің тізбесі және жер учаскелерінің бастапқы құны осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. Аукционды ұйымдастырушы «Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып бекітілсін.

3. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна сауда-саттық объектісінің ең төменгі бағасының 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) кем болмайды және 30 (отыз) мың АЕК-ден аспауы керек.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мауадиновқа жүктелсін.

Аудан әкімі



А. Смаилов

Ақсуат ауданы әкімдігінің

2023 жылғы «__» _____

№__ қаулысына қосымша

Сатуға және жалға алу құқығын сатуға сатуға қойылатын жер учаскелерінің тізімі

Р/с №	Жер телімінің нысаналы мақсаты	Іске асырылатын құқық	Жер телімінің орналасқан жері	Кадастрлық номері	Жер телімдерінің ауданы, га	Жер телімдерінің саны	Кадастрлық бағалау құны (тенге)	Аукционға шығарылатын құны, (бастапқы құны), тенге
1	Дүкен ғимаратын салу үшін	Жеке меншік	Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, «Берігостаған» ықпam ауданы	23-333-037	0,05	1	105 000 тенге	105 000 тенге
2	Дөңгелек жөндеу орталығын салу үшін	Жеке меншік	Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Сапоров көшесі	23-333-037	0,020	1	42 000 тенге	42 000 тенге
3	Жанармай құю станциясын салу үшін	Жеке меншік	Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылының кіре беріс арканың оңтүстігінен, Қабанбай көшесі	23-333-037	0,3	1	630 000 тенге	630 000 тенге
4	Дүкен ғимаратын салу үшін	Жеке меншік	Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Б.Ахметжанов көшесі	23-333-037	0,10	1	210 000 тенге	210 000 тенге